**Жандос Бекжанұлы Жұмағазы - Қызылорда ЖТ бөлімшесіне қарасты Қызылорда станциясының парк кезекшісі. Ол қызметтік міндетін атқарып жүріп резервуардың жоғары клапанынан сығылған газдың ауаға тарап, ағып кетуін анықтап, төтенше апаттық жағдайдың алдын алып, ерлікке пара пар іс жасаған мақтаулы маман.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Бекеттің парк кезекшісі станция алқымындағы парк қауіпсіздігіне, кезекшілерге бекітіліп берілетін башмақтардың қайсысы қай жердегі жолда немесе вагон доңғалағына қойылғандығын білу, жауап беруге міндетті. Станция кезекшісінің МтиК пен бекітілген ДУ-61 формасы негізінде берілетін ескертпеге құлақ асуы шарт. Мұнда атқарылатын негізгі жұмыстардың нұсқасы көрсетіліп, оның негізінде локомотив бригадаларына нұсқамалар беріледі.

Оқиға осы жылдың сәуір айында болған. Қызылорда станциясының жолында анықталған апатты жағдайда құзырлы органдар мен теміржолшылар бірлесіп жедел әрекет етіп, төтенше жағдайдың алдан ала білген.

– Бекеттің оңтүстік алқымындағы 9-жолда №2626 жүк пойызынан ағытылып тұрған №57754855 нөмірлі цистернаның үстіңгі серіппелі сақтандырғыш клапанынан газдың ағып жатқанын байқап, жедел әрекет ету керектігін ұғындым. Әдетте пойыз тоқтағаннан кейін вагон құрамдарынан, негізінен астынан түрлі дыбыс естіледі. Алайда бұл дыбыс күнделікті еститін дыбыстарға ұқсаңқырамайды. Вагон-цистернаға зер сала қарасам, газдың пышылдаған дыбысы цистернаның үстіңгі жағынан үздіксіз дыбыспен, тұрақты қысыммен шығып тұр екен. Дереу дабыл қағып төтенше жағдай жөнінде бірден станция кезекшісі Рүстем Құрманғазиевқа хабар бердім. Өз кезегінде ДС Қ.Төрединов оқиға туралы Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментіне хабарлады, – дейді парк кезекшісі Жандос Бекжанұлы.

«Қызылорда Газ» мекемесінің арнайы мамандары газ қауіпсіздігі бойынша тиісті жұмыстарға жедел кірісіп, апаттың алдын алуға барлық жағдай жасалған.Қауіптің ауқымын шектеу, адам шығыны мен инфрақұрылымға зақым келуінің алдын алу мақсатында ДС бұйрығымен пойыздардың қабылдау, жөнелту және маневрлік жұмыстар уақытша тоқтатылған.

– Бекет жолына келіп тоқтаған жүк вагонынан газдың ағуы-апатты жағдай. Жағдайдың күрделілігі мен қауіптілігін ескере отырып, сағат 16:05-те депо машинисі М. Файзуллаев пен пойыз құрастырушы Н. Шукенов ТЭМ2 маневрлық тепловозының көмегімен аталған цистернаны бекеттің қауіпсіз аумағындағы жолға шығарды. Мұнда апаттық картаға сәйкес шаралар қабылдануы үшін арнайы қауіпсіздік аймағы ұйымдастырылды. Арнайы шақырылған мамандардың сараптамалық жұмыс жасалды. Парк кезекшісі Жандос Жұмағазы-өз ісіне адал, өте ұқыпты және жауапкершілігі мол маман. Апаттың алдын алуда оның дер кезінде шешім қабылдап, тиісті құрылымдарға жедел хабар беруі-нағыз теміржолшыға тән қасиет, – дейді станция бастығы Қайрат Төрединов.

Қызылорда станциясында орын алған бұл оқиғада парк кезекшісінің қырағылығы мен кәсіби біліктілігінің арқасында апаттың алды алынды. Барлық тиісті құрылымдардың шұғыл әрекет етуі, апаттық жағдайларды жою алгоритмдерінің нақты орындалуы арқасында адам өмірі мен инфрақұрылымға зақым келмеді. Бес жылдан астам тәжірибесі бар маманның әрекеті ерлікке пара пар бағаланды. Айтпақшы, Жандастың әкесі Бекжан, атасы Жұмағазы да аймаққа абыройлы теміржолшылар болды.

*Суретті түсірген автор*

# МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

**Лайықты марапат – адал еңбектің жемісі. «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының Тараз станциясындағы атқыштар командасының күзетшісі Серік Игісіновтің Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталуы – соның дәлелі.**




**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Күзетшінің мерейін өсірген марапат – саладағы жиырма жылдық табысты жұмысының жемісі. Бұл – қарапайым еңбек адамын тұрақтылыққа жетелейтін күшті ынталандыру. Ал тұрақты жұмыс күші – табыс пен табандылықтың негізі.

Серік Уәлиханұлы үшін күзет саласындағы қызметі тұрақты жұмыс көзі ғана емес, жемісті еңбек жолына айналған.

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов сала мамандарын марапатқа ұсынарда олардың еңбек өтілі, өз міндетін атқарудағы жауапкершілігі, қоғамдық іс-шаралар кезіндегі белсенділігі ескерілетінін атап өтті. Ұжымда жұмысшыларды ынталандыру жөніндегі арнайы комиссия да құрылған. Марапаттау туралы ұсыныс осы комиссия тарапынан түседі.

– Серік Игісінов жұмыс барысында өзін өте жауапты қызметкер ретінде көрсете білді. Атқыштар командасының қызметкерлері арасында беделге ие. Өз ісінің нағыз маманы. Филиал тарапынан ұйымдастырылған қоғамдық іс-шаралардың бәрінде белсенді қатысатын сергек жан. Өз жұмысшыларымыздың күшімен ғимараттың сыртқы қасбетіне жөндеу-әрлеу жұмыстарын жүргізгенде барынша атсалысып қана қоймай, құрылыс жұмыстарын оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізді. Оның ұсынысы расында тиімді болып шықты. Сондықтан, марапат иесін тапты деп айта аламын, – дейді филиал директоры.

*Суретті түсірген автор*

# АРНАЙЫ ЖАСАҚТЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢ



**Ақтөбе қаласындағы Әскерилендірілген теміржол күзетіне қарасты жедел әрекет ету оңтайлы тобы – стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді құрылым.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Әскерилендірілген теміржол күзеті филиалының директоры Сарбай Жанғалиұлы аймақ бойынша төрт станцияда орналасқан арнайы жасақ сарбаздарының жұмысына қатысты мәлімет берді.

Айтуынша, арнайы жасақтың ауқымы кең, Ақтөбе филиалының жедел әрекет ету оңтайлы тобында 43 қызметкер бар. Олар аймақ бойынша Ақтөбеде -10, Қандыағашта -13, Шалқарда - 10 және Оралда -10 қызметкер орналасқан. Күзетшілер ауысым бойынша жұмыс істейді. Күн сайын қызметке кіріспес бұрын, әр қызметкер медициналық тексеруден өтеді. Содан кейін ғана нұсқама беріліп, күзетілетін аумақ белгіленеді.

– Жедел әрекет ету тобының негізгі міндеті – жүктің қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету, ұрлықтың алдын алу және адам өмірінің қауіпсіздігін сақтау. Қауіпті аймақтар – Кемпірсай, Ащысай, Жазық, Никельтау, Қандыағаш, Ақтөбе – алгоритмге сай бақыланады. Жүк пойыздары бекеттен бекетке жіті күзетпен жеткізіледі. Жүк вагондары қойылған аумақтарда күзет күшейтіледі, – дейді филиал жетекшісі.

Жедел әрекет ету оңтайлы тобының басшысы Сәндібек Қауменов 2007 жылдан бері осы салада, 2018 жылдан топқа басшылық етеді. Оның айтуынша, ұрлық көрсеткіші соңғы кезде айтарлықтай төмендеген. Бұл – профилактикалық жұмыстардың нәтижесі. Мектептерде, оқу орындарында, қоғамдық орындарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, заңсыз әрекеттердің жауапкершілігі туралы ақпарат беріледі.

– Біз жылжымалы құраммен тасымалданатын барлық жүктің қауіпсіздігіне жауап береміз. Биыл вагондардан жүк ұрлығы тіркелген жоқ. Бірақ тепловоздардан дизель отыны ұрлануына қатысты 11 факт анықталып, 1 жанар-жағармай ұрлығы және 1 теміржолдың жоғары бөлшектерін ұрлау фактісі тіркелді,– деді топ басшысы.

Топ суық қарумен жабдықталып, жаңа көліктермен қамтылған. Жргілікті желілік полиция бөлімдерімен бірлескен жұмыс жолға қойылған.

*Суретті түсірген автор*

# АЛҒАШҚЫ КӨМЕК – МАҢЫЗДЫ

**Бүгінде «ҚТЖ» ҰК»АҚ – Магистральдық желі бөлімшесі дирекциясы мен филиалдарында өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша қауіпсіздік шараларын күшейтуге қатысты оқыту сабақтары жүріп жатыр. Қыркүйек айының соңына дейін жалғасатын оқу 300 қызметкерді қамтиды деп күтілуде.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана



«Магистральдық желі дирекциясы мен оның ел өңірлеріндегі филиалдары еңбеккерлерінің жұмысы тікелей өндіріспен, пойыздар қозғалысымен байланысты. Ауыр жұмыс, экологиялық жағдай, тағы басқа факторлар адамның денсаулығына кері әсер етіп жататыны жасырын емес. Кейде жұмыс орнында жұмысшының денсаулығы нашарлаған немесе өндіріс орнында жазатайым оқиға болған жағдайлар кездесіп жатады. Мұндайда не істеу керек? Әрине, жанындағы жұмысшылар шұғыл медициналық көмек келгенге дейін әлгі адамның денсаулығын және өмірін сақтап қалу үшін дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсете білуі керек. Міне, қазір өтіп жатқан оқытудың басты мақсаты – осы. Бұл оқытулардан алған білім мен дағдылар күнделікті өмірде де кез келген жағдайда пайдасын тигізетінін сөзсіз», – дейді Магистральдық желі дирекциясының Қауіпсіздік және еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Баян Смайлова.

Белгілі болғаны, Магистральдық желі дирекциясы мен оның ел өңірлеріндегі филиалдары қызметкерлерін адам өмірін құтқару және төтенше жағдайлар кезіндегі асқынулардың алдын алу үшін дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету әдістеріне оқытуды «Қазақстан Республикасының Қызыл Ай қоғамы» қоғамдық бірлестігінің сертификатталған жаттықтырушылары және ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі жанындағы «Апаттар медицинасы орталығы» мемлекеттік мекемесінің парамедиктерімен өткізуде екен.

Оқу дәрісі бірнеше тақырыптарды қарастырады. Атап айтқанда, жарақат алғанда немесе денесін зақымдағанда, қан кеткенде, әртүрлі дәрежедегі жараларға, күйіктерге, дене мүшелерін үсітіп алса, құрысып тырысып қалса, жәндіктердің шағып алса, уланса, күн тисе, тыныс алуы тоқтаса, есін жоғалтса және инсульт алса көмек көрсету. Оқыту барысында қатысушылар келесі дағдыларды: зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін денсаулық жағдайындағы факторларды анықтауды; жәбірленушінің жағдайын дұрыс тексеруді; алынған жарақаттың/зақымданудың сипатын көзбен бағалауды; зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету үшін тез және дұрыс шешім қабылдай білуді; сондай-ақ, жәбірленушіге алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті, оның ішінде жүрек-өкпе реанимациясын көрсетуді; автоматты сыртқы дефибрилляторды қолдануды үйренетін болады.

*Суретті түсірген автор*

# ҰТҚЫР ШЕШІМГЕ НЕГІЗ БОЛҒАН ҰСЫНЫС

ӨНЕРТАБЫС

**Бұл күнде кәсіпорын кеңселеріндегі кабинеттерді жарықтандырып тұратын люминесцентті шамдар қауіпті екенін біреу білсе, біреу білмейді. Елімiздегі көптеген кеңселерде армстронг деп аталатын мұндай төбе жабындылары 60х60 сантиметрлік төртбұрышты болып келеді.**

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Түркістан

Осы армстронг жабындысының арасында дәл соның көлеміндей жарықшамдар қолданылады. Оның әрбірінде 4 қатарлы люминесцентті шамдар орнатылады. Алайда, мұның адам денсаулығына зияны жоқ деп ешкім айта алмайды. Сондықтан да, Түркістан локомотив пайдалану депосының қызметкерлері осы шамдарды зиянсыз шамға ауыстыруды дендеп қолға алған.

Қолға алды деген айтуға ғана оңай. Әлгі шамды ауыстыру үшін Ұлттық компанияның тиісті бөліміне арнайы рационализаторлық өтінім беріп, тиімді баламасын ұсыну мен оны жүзеге асыруда қаншама ерік-жігер мен күш-қуат керек. Одан бөлек экологиялық тұрғыда зиянды жарықшамды жоюдың өзіндік тәртіп-талабына сай арнайы келісімшарт бекітіп, оның орындалуын мұқият бақылауда ұстау қажет. Мұның бәрі айналып келгенде кәсіпорынның бір қызметкеріне қосымша жүк, уақыт пен қол күшін босқа жұмсайтын орынсыз шығын іспеттес.



Міне, түркістандық жігіттер дәл осы іспен айналысуға жол бермей, тиімді бағытта алға жылжудың тетігін тауыпты. ТЧЭ-33 мекемесінің жетекші инженері Санжар Шәкәрімов осы люминесцентті шамның орнына жарық-диодты ленталы шам қоюды ұсынып, ұтымды істің ұйытқысы болған.

– Мән-жайды сараптай келгенде бұл тиімділігі зор амал болып шықты. Біз тиісті ереже, нұсқаулықтарға сай әрекет ете отырып, заң талаптары аясында осы жобаны жүзеге асырып шықтық. Қасымда бірлесе еңбектенген әріптес жігіттерге ризашығымды білдіремін. Себебі, осы жігіттер мен басшылық құрамның қолдауы болмаса, бұл жобаны орындап шыға алмас едім, – дейді Санжар Дауренбекұлы.



Люминесцентті шамның ішінде сынап пен өзге де зиянды элементті газ құрамы болғандықтан, оны арнайы қоқыс жәшігіне бөлек тастау қажет. Санжардың зиян-зардабы бар осындай қауіпті заттан құтылуға қатысты ұсынысы Ұлттық компания жетекшілері тарапынан қолдау тауып іске асыруға пәрмен берілген. Оны қолынан іс келетін түркістандық жігіттер жедел ауыстырып, үлкенді-кішілі әріптестерінің алғысына бөленді.

– Біз енді мүмкіндігінше үнемдеу арқылы артық шығынсыз әрекет еттік. Нәтижесінде, мекемеміздегі барлық люминесцентті шамдарды ауыстырдық. Ең бастысы қауіпті заттың залал-зардабының жайылу мүмкіндігін азайтуымызды үлкен олжа деуге болады, – дейді кейіпкеріміз.

Жалпы, өңірдегі теміржол шаруашылығына қатысты мекемелердің барлық кеңсе, ғимараттарының ауласы көгалданып, жасыл-желекпен көмкерілген. А оларға күтім жасау күннің ыстығында күрт қиындайтыны сөзсіз. Әсіресе, оңтүстік өлкеде. түркістандық өнертапқыш жігіттер ойласа келе сол жұмысты да жеңілдетуге кірісіпті. Олар өндірістік цехтың шеберлерімен кеңесіп, ауланы тамшылатып суару мен суды бүркіп шашатын жүйелерді іске қосқан. Сондай-ақ, бұл амал жасыл-желекті жайқалтып өсіруде су үнемдеуге оң септігін тигізген. Одан бөлек күннің ми қайнатар ыстығында жоғары қысыммен суды тозаңдатып бүркитін құрылғы іске қосылып, кәсіпорын ауласында жайлы атфосфера қалыптастырған. Ал мұндай жанға жайлылық әріптестер арасында өзара ізет-құрметті арттырған.

Жігіттер демекші, Санжардың командасында Нұрсұлтан Исабеков пен Тұрар Қалдыбеков сынды ақыл-ойы зерек жігіттер бар. Олар өзара ойласа келе қыстың күнгі жылымықта шатырдың етегіне қататын мұз құрсауына қатысты да жаңашыл тағы бір әдіс тауып іске асырыпты. Олар сыртқы шатыр жабындысының етегіне орнатылған суағарға бойынан жылу бөлетін электр сымын жүргізген. Нәтижесінде, суағар мен оның соңғы нүктесіндегі құбырға мұз қатпайтын болған. Одан бөлек, бұл әдіс сыртқы шатыр жабындыларын мұз қату салдарынан келетін мерзімінен бұрын бүлінуден де сақтайтын көрінеді.

Санжар Шәкәрімов бүгінде Түркістан локомотив пайдалану деполында жылу техникаларының жетекші инженері болып еңбек етеді. 36 жастағы маман қос бүлдіршін тәрбиелеп отырған отбасынның арқа сүйер азаматы. Педагогтар отбасында туып-өскен Санжар бала кезден техника ғылымының қыр-сырына әуес болған екен. Қазақ жол қатынастары университетінде оқыған жылдары сол қызығушылығы арта т үсіп, түрлі тәжірибелерге қатысқан. Нәтижесі – міне.

*Суреттерді түсірген автор*

№78-79 (3117-3118) 26/09/2025

# Социум

Год рабочих профессий

## РОЖДЕННЫЙ В ПОЕЗДЕ

**Мастер производственного обучения ПЧМ Акадыр Десенгалий Абеуов появился на свет в поезде на маршруте Жезказган – Петропавловск, и этот случай стал символом всей его жизни – дороги, которую он выбрал однажды и которой верен до сих пор.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

– Так случилось, что мама не рассчитывала на такое стечение обстоятельств и спокойно отправилась в дорогу, – с улыбкой вспоминает Десенгалий Абеуов. – Она не знала, что схватки начнутся прямо в пути. Я был первенцем, мама не имела опыта, и, конечно, это стало грандиозным событием для всей нашей семьи.

Детство Десенгалия Абеуова прошло в Жезказганской области, в совхозе Бидайык на 69-м разъезде, где он окончил 10 классов. После школы он работал трактористом и слесарем на птицефабрике. В 1988 году устроился монтером пути в Жанааркинскую дистанцию пути: ремонтировал рельсы, шпалы и стрелочные переводы, участвовал в строительстве новых участков, обеспечивая безопасность движения поездов.

Железная дорога всегда была частью семьи Абеуовых: отец проработал монтером пути почти 35 лет, дядя и двоюродные братья тоже были путейцами. Понимая важность знаний, в 1989 году он поступил по направлению в Целиноградский техникум железнодорожного транспорта на факультет «Путевое хозяйство и строительство железных дорог». Учеба давалась легко – дипломная работа была защищена на «отлично».

В 1991 году он стал бригадиром пути на станции Байгул Карагандинской области, затем работал на станциях Большая Михайловка, Карабас и Темиртау, а позже занял должность мастера производственного обучения в ПЧМ Акадыр, где трудится и сегодня. В 2018 году он окончил Жезказганский университет по специальности «строительство железных дорог». В 2022 году был назначен заместителем директора ПЧМ Акадыр, но из-за состояния здоровья вернулся на прежнюю должность.

Коллеги отмечают его твердый характер, дисциплину и добросовестное отношение к делу. Он пользуется уважением в коллективе и активно передает опыт молодым железнодорожникам. Один из его сыновей пошел по стопам отца и работает помощником машиниста тепловоза.

*Фото автора*

## ПОДДЕРЖКА, НА КОТОРУЮ МОЖНО ОПЕРЕТЬСЯ

**АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжает системную работу по улучшению условий труда и жизни своих сотрудников, уделяя особое внимание вопросам социальной поддержки.**

**Жаныбек КЕНЕС,**
Астана

При этом социальная политика ҚТЖ не ограничивается отдельными льготами. Она представляет собой целую систему мер, направленных на укрепление социальной стабильности, повышение уровня благосостояния сотрудников и их семей, а также на формирование достойных условий труда. К примеру, в 2025 году запущена скидочная платформа PrimeZone, благодаря которой железнодорожникам по всему Казахстану стали доступны более тысячи уникальных скидок на товары и услуги.

В целом в компании действует широкий пакет льгот, выплат и социальных гарантий, которые охватывают самые разные сферы – от поддержки молодых специалистов до заботы о ветеранах и пенсионерах. Особое внимание уделяется семейным ценностям. Так, при рождении ребенка железнодорожники получают значительную материальную поддержку, предусмотрены выплаты при регистрации брака, а также соответствующие выплаты к важным датам. Женщины, находящиеся в декретном отпуске, получают дополнительную поддержку к Международному женскому дню. Кроме того, сотрудники компании имеют возможность ежегодного санаторно-курортного оздоровления в рамках выделенной квоты, а также пользоваться программой добровольного медицинского страхования, которая покрывает в рамках лимита лечение, стоматологию, вакцинацию и даже роды.

Большое внимание ҚТЖ уделяет и ветеранам отрасли. Пенсионеры получают выплаты ко Дню Победы, Дню защитника Отечества, Дню работников железнодорожного транспорта, а также при достижении юбилейных дат. Компания компенсирует расходы на протезирование, оказывает помощь в случае утраты близких и организует выплаты на погребение.

Также компания заботится о подрастающем поколении. В рамках социальной политики предусмотрены выплаты ко Дню защиты детей, Дню семьи, а также поддержка родителей первоклассников и выпускников: работникам предоставляется один оплачиваемый день отпуска, чтобы они могли провести важные моменты рядом со своими детьми.

«Для нас важно, чтобы железнодорожники чувствовали поддержку компании не только на рабочем месте, но и в повседневной жизни. Именно поэтому ҚТЖ последовательно расширяет социальный пакет, делая его более современным и отвечающим реальным запросам работников», – отмечают в компании.

Социальная защита распространяется и на трудовые будни железнодорожников. В сложных метеоусловиях, а также при выполнении особо ответственных работ, сотрудники получают дополнительные выплаты. Для наставников предусмотрены специальные надбавки за помощь молодым кадрам, при направлении на работу на малые станции получают дополнительные единовременные выплаты и надбавку к тарифной ставке.

Если же остановиться на скидочной платформе PrimeZone, то за 8 месяцев с момента запуска этой платформы зарегистрировались 36 466 работников компании, которые сэкономили на ежедневных покупках свыше 150 миллионов тенге.

ҚТЖ подтверждает статус ответственного и социально ориентированного работодателя, для которого работник и его благополучие находятся в центре внимания.

## КОГДА ПРОФЕССИЯ ПЕРЕДАЕТСЯ ПО НАСЛЕДСТВУ

**В истории железной дороги Казахстана есть фамилии, ставшие символом ответственного труда и преданности профессии. Среди них одна из самых многочисленных династий – Бурлиновы. Четыре поколения этой семьи связали свою судьбу со стальной магистралью, а общий трудовой стаж династии составляет почти два века.**

**Любовь РОВБА,**
Астана



Все началось с Кенжеша Бурлинова, который в 30-40 годах прошлого века первым в семье надел железнодорожную форму. Он отвечал за безопасность грузовых поездов. По его стопам в дальнейшем пошли сыновья. Старший, Ермекбай Бурлинов, был начальником станции Киик в Карагандинском регионе. Младший, Балта, в 1956 году устроился на ту же станцию, начав свой путь в должности помощника слесаря по обслуживанию и ремонту оборудования 4-го разряда. Сначала ремонтировал локомотивы, а затем водил поезда – был машинистом тепловоза.

– Со своей супругой, моей бабушкой Маскен, он тоже познакомился на железной дороге. Она работала приемосдатчиком на станции Акадыр. Каждый из них посвятил железной дороге более 30 лет жизни, – поделился главный менеджер филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр» Жанбулат Бурлинов.

Разговоры о железной дороге в семье Бурлиновых начинались за завтраком и не заканчивались даже в выходные. Неудивительно, что пример родителей вновь стал для детей определяющим при выборе профессии – сын Толеген и дочь Рымкеш тоже железнодорожники.

Толеген Бурлинов в 18 лет устроился в Акадырское локомотиворемонтное депо учеником слесаря-дизелиста.

– Я не понаслышке знал об этой профессии. Детьми мы прибегали на работу к отцу, слесарю-мотористу. С интересом наблюдали за тем, как умело он ремонтирует и собирает различные детали и узлы подвижного состава. Уже тогда я определился с будущей профессией, – делится Толеген Бурлинов.

Вскоре, как и Балта Кенжешевич, он стал водить поезда. Ответственного и грамотного железнодорожника включали в состав локомотивных бригад, которым доверяли тяжеловесные составы и перевозку пассажиров. 40 лет, вплоть до выхода на заслуженный отдых, трудился он на благо отрасли.

По уже сложившейся в семье традиции железнодорожником стал и сын Толегена Бурлинова. Жанбулат Бурлинов начал трудовую деятельность электромехаником 2-го разряда в Цехе оперативной телефонной сети филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный центр управления связи». Он обеспечивал бесперебойную работу оборудования и средств связи АО «НК «ҚТЖ», в том числе первых руководителей, подключение новых абонентов, занимался организацией и проведением видеоконференций и т.п.

– С самого детства я ощущал неподдельную страсть к железной дороге. Каждый раз, когда слышал звук гудка локомотива, сердце замирало от волнения. Я проводил часы, наблюдая за движением поездов, мечтая стать частью этого огромного механизма, который связывал города и людей. Поэтому, когда наступило время выбора профессии, не было сомнений, чем я буду заниматься всю свою жизнь. Родители поддержали меня в этом решении, – поделился Жанбулат Бурлинов.

Сегодня он главный менеджер филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр».

Дочь Балта и Маскен Бурлиновых, Рымкеш Абенова, тоже железнодорожница. До выхода на пенсию она работала дефектоскопистом в депо на станции Астана. Следила за надежностью деталей электровозов, заблаговременно выявляя все возможные дефекты.

Ее сын Жансултан Абенов отвечает за исправность пассажирских вагонов. Он прошел практически все ступени карьерной лестницы – начинал грузчиком, слесарем, был бригадиром ремонтно-заготовительного отделения, а сейчас работает начальником отдела ремонта подвижного состава.

К настоящему моменту общий трудовой стаж династии составляет 178 лет, но это далеко не предел. У Балта и Маскен Бурлиновых – 11 внуков и 12 правнуков. Почти все они связаны с железной дорогой либо в будущем видят себя в этой профессии.

– Мой сын тоже мечтает продолжить дело семьи. Работа железнодорожника нелегкая, нужны люди сильные, смелые, выносливые. Однако в этой профессии наряду с трудностями много романтики. Поэтому железная дорога выбирает настойчивых, умных и смелых людей. И я горжусь, что сумел встать в их строй, – говорит Жанбулат Бурлинов.

Сегодня фамилия Бурлиновых вызывает уважение и восхищение среди коллег в разных уголках Казахстана. Ее представители отмечены многочисленными наградами и почетными грамотами. Один из республиканских телеканалов даже снял об этой славной династии железнодорожников документальный фильм. И нет сомнений, что мы еще не раз услышим о вкладе Бурлиновых в развитие отрасли, а дело Кенжеша Бурлинова будет жить еще много лет.

*Фото из архива семьи*

# Безопасность

**В Костанайском филиале ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» стартовало ежегодное усиление мер безопасности при сопровождении и охране грузов во время транспортировки урожая. Работники филиала обеспечивают надежное движение зерновых поставок как внутри страны, так и на экспорт, особенно в государства Центральной Азии.**

## ДОСТАВИТЬ В СОХРАННОСТИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Подготовка к осеннему сезону уборки урожая идет полным ходом. В этот период традиционно активизируется экспорт зерновой продукции, а требования сопредельных государств на пограничных переходах Луговая, Сарыагаш и Болашак остаются высокими. Поэтому сотрудники ВЖДО тщательно проверяют вагоны при приеме к перевозке, минимизируя количество коммерческих браков, которые могут повлиять на сохранность грузов.

– Чтобы доставить ценный груз – урожай-2025 – в сохранности, мы при необходимости привлекаем дополнительных охранников для работы на приеме и отправке грузов. Дежурные наряды действуют по отработанной вызывной системе. Рациональное использование сил и средств позволяет эффективно организовать работу всего коллектива и обеспечивать круглосуточную охрану, – подчеркнул директор Костанайского филиала ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» Канат Отепов.

Сегодня поезда сопровождают сотрудники команд ВЖДО на станциях Есиль, Кушмурун, Костанай, Тобол и Арка, а стрелковые группы дежурят на станциях Аркалык и Железорудная. Дополнительно работает мобильная группа оперативного реагирования. Протяженность обслуживаемого участка филиала превышает 2,5 тысячи километров.

Часть сотрудников задействована на стационарных постах, другая обеспечивает охрану грузов. Для организации круглосуточного контроля используются караулы, наряды и посты охраны. Такой подход позволяет филиалу выполнять задачи по сохранности урожая и укреплять репутацию компании как ответственного партнера.




*Фото автора*

## ПОКАЗАТЕЛЬНОЕ ЗАНЯТИЕ

**На станции Акбулак открыли учебный полигон и провели показательное занятие для осмотрщиков вагонов.**

**Яна ЛЕНИНА,**
Илецк




На станции Акбулак состоялось показательное техническое занятие для вновь принятых осмотрщиков-ремонтников вагонов ПТО Илецк и контрольных постов Чашкан, Акбулак, Цвилинга. Мероприятие объединило работников вагонного хозяйства, дистанции сигнализации и связи, а также дежурных по станции и стало важным этапом повышения квалификации персонала.

Во вступительном слове начальник ПТО Илецк Рашид Байниязов познакомил участников с историей станции Акбулак, ранее называвшейся Карамзино и основанной в 1904 году при строительстве железной дороги Оренбург – Ташкент. Тогда станционные постройки и жилые дома для железнодорожников стали основой будущего поселка. В 70-80-е годы на КП Акбулак работал пункт подготовки вагонов (ППВ) с грузоподъемным краном и штатом из 80 человек, где за смену готовили более 50 вагонов. В 90-е годы ППВ перевели на станцию Казахстан Уральского отделения дороги, а штат был сокращен. С 1995 года контрольный пост функционирует с численностью 5 осмотрщиков-ремонтников вагонов. На протяжении 25 лет его возглавлял Михаил Перекстин, обеспечивший бесперебойную работу поста. Сейчас коллективом руководит его ученик Виктор Кормаченко, под чьим руководством проведено переоборудование учебного полигона.

– Проведение показательных технических занятий повышает уровень профессиональных знаний работников и напрямую влияет на безопасность движения поездов. Основная цель – практический показ работы устройств КТСМ, КГУ, УКСПС и разъяснение действий работников в нестандартных ситуациях, – отметил Рашид Байниязов.

В ходе мероприятия участники ознакомились с рабочими местами осмотрщиков-ремонтников вагонов КП Акбулак, включая помещения ОРВ, стеллаж для запасных частей и островок безопасности. Старший осмотрщик Виктор Кормаченко продемонстрировал использование обводного рукава при неисправном тормозном оборудовании и специальной стяжки при разрушении торцевого крепления буксового узла, предотвращающей сдвиг корпуса буксы.

На посту безопасности был пропущен грузовой и пассажирский поезд «сходу» для оценки качества визуального осмотра составов. Мастер производственного обучения Наурзгали Абугалиев разъяснил порядок действий при срабатывании устройства КТСМ-02 с сигналами «Тревога-1» и «Тревога-2» и рассказал, по каким признакам можно определить неисправность буксового узла при встрече поезда.

С теоретической частью по программному обеспечению участников познакомил старший электромеханик Илецкой дистанции сигнализации и связи Александр Беляев, а практическую работу с программой, считывание и печать данных показал электромеханик Илья Васильев.

Завершилось занятие выездом на перегон для ознакомления с устройствами КТСМ, КГУ и УКСПС, где Александр Беляев пояснил функции оборудования и порядок передачи информации. Для участников мероприятия председателем профсоюзного комитета филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» Комаром Сангаковым было организовано чаепитие.

*Фото автора*

rail-news.kz

№78-79 (3117-3118) 26/09/2025

# ҚАУІПСІЗДІК – РЕВИЗОРДЫҢ КӨЗІМЕН

КӨКЕЙКЕСТІ

**Қауіпсіздік-пойыз қозғалысының темірқазығы. Бір сәттік қателік пен салғырттық жүздеген адамның тағдырына әсер етуі мүмкін. Сондықтан да әр айдағы қозғалыс қауіпсіздігі көрсеткіштері теміржолшы қауымы үшін тек статистика емес, абырой мен сенімнің өлшемі.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Бұл -мыңдаған шақырымдық теміржолда күндіз-түні еңбек етіп жүрген жолшылардың, машинистердің, байланысшылардың және барлық сала мамандарының табан ақы, маңдай терінің көрсеткіші.

Ағымдағы жылдың сегіз айында Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі мен Магистральдық желі бөлімшесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы тіркелмегенмен 3 жағдай орын алып отыр. Ал өткен жылдың дәл осы кезеңінде, яғни 2024 жылғы тамызда, бір инцидент тіркелген еді: сигналды жабу кезінде пойыздың өтіп кетуі орын алған. Бұл оқиға баршаға сабақ болды, кейінгі тексерістерде талап күшейтіліп, қырағылық екі есе арттырылды. Тепловоз машинистерінің жедел тежегіш қолдануы өткен жылы 99 рет орын алса, биылғы сегіз айда 106 рет орын алып отыр. Оның ішінде 2 рет адам басу, 30 мәрте мал басу тіркелген.

Ал, қауіпсіздіктің бұзылуы сыртқы ұйымдарға байланысты жағдайларда қатаң талапты қажет етеді. 2025 жылы барлығы 38 жағдай (29 оқыс оқиға, 4 рет жылжымалы құрамның жолдан шығуы, 5 мәрте өзге де жағдайлар) тіркелді. Оның ішінде «Орда-Гласс» серіктестігінің қосалқы жолында пойыздың рельстен шығуы, локомотивтің техникалық ақаулығына байланысты орын алған бес инцидент қауіпсіздік талаптарын, теміржолдағы тәртіп пен қатаң талаптың қаншалықты қажет екенін тағы бір дәлелдеді.

Алмат Молдашев басқаратын «ҚТЖ»ҰК» Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Қызылорда аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі ревизорларының жұмысына қатысты көп нәрсе айтуға болады. Соның ішінде Қазалы және Сексеуіл жол дистанцияларының бірнеше телімі, Төретам станциясының шекарасын жолдарындағы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне төнуі мүмкін қауіпті болдырмау үшін жұмыс жасап жүрген ревизорлар жұмысы атап айтуға тұрарлық.



Жалпы ревизорлардың негізгі міндеті – мекеме басшысы немесе арнайы қауіпсіздік мамандарының тексерген учаскесін бақылап қарап шығу арқылы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі болатын кемшіліктерді анықтап, әшкерелеу. Осындай тексеру әр телім бойы жүргізіліп отырады. Қазалы жол дистанциясында жүргізілген кезекті тексеру кезінде жол қауіпсіздігі ревизорларының назарына іліккен жағдайлар бейжай қарауға келмейтін еді. Қызылтамда қосқыштың шөгуі, Қаракеткенде жол айрығы жүрекшесінің қайта балқыту қажеттігі, ал Төретамда бастапқыда бәрі талапқа сай көрінгенімен, артынша-ақ 6 жол мен бұрманы жабуға тура келуі тағысын тағы кемшіліктер анықталған.

Жалпы, Қызылорда аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлар аппаратының бір ғана тамыз айындағы тексеру қорытындысында 17 тыйым шарасы қабылданып,135 ескерту жасалып, 3 жерде жылдамдық шектелді,13 бағыттамалық бұрма уақытша жабылған. Бұл сандар-жай ғана статистика емес. Оның артында жолаушының тағдыры, жүк иесінің сенімі, машинистің мазасыздығы жатыр. Уақытында тоқтаған пойыз -кешігудің ғана белгісі емес, сақталған өмірдің дәлелі болуы мүмкін. Анықталған кемшіліктерге байланысты Сексеуіл және Қазалы жол дистанциясының басшыларына арнайы хат жолданып, онда кемшіліктердің жойылу уақыты мен жойылғаны жөнінде хабарлама берілу талабы қойылған.

Бас ревизор Алмат Молдашевтың айтуынша,«Қауіпсіздік дегеніміз ревизордың көзімен қағаздағы ресми көрсеткіш емес, рельс үстіндегі үздіксіз қозғалыс.

*Суретті түсірген автор*

*«Қазтеміртранс» АҚ өтімді емес және талап етілмеген өтімділікке жатқызылған, тауар материалдық қорларды сату жөніндегі Комиссия отырысының 2025 жылдың 22 қыркүйектегі № 9 хаттамасына 3 қосымша*

# САУДА ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы 2025 жылғы 14 қазанда сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін өтетін «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының өтімді емес және талап етілмеген өтімділікке жатқызылған тауарлық-материалдық қорлардын бағасын көтеру бойынша сату Аукцион түрінде электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды, (Астана уақыты бойынша) www.qazyna.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтеді.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының шешімімен (2020 жылғы 12 маусымдағы №02/19 хаттама) бекітілген талап етілмеген өтімді және өтімсіз тауар – материалдық қорларды басқару жөніндегі әдістемесіне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай - Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

**Төмендегідей өтімді емес санатқа жатқызылған тауарлық-материалдық қорларға аукцион жарияланады:**

**Лот №1** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: желқума 20 - 31 дана, болат арқан d 6,2 -50 м., шұра 25 мм – 3 дана, шойын шұрасы Д100 РУ-16 ГОСТ 5761-65 – 2 дана, шұра НЖ Д80 РУ-16 – 7 дана, кескіш табақша тәріздес Т-14 Д 27 – 50 дана, кескіш Т15 К6 – 2 дана, токарлық кескен кескіш Т5К10 (25х16) – 20 дана, қатты құймалы тақташа Т5К12 – 50 дана, қатты құймалы ауыспалы тақташа – 50 дана, тақташа SPKN1504EDSR, 15,87х15,87мм – 50 дана, тақташа SPEW1204ADSN, 12,7х12,7мм – 50 дана, конустық сапты бұрғы Д55 ГОСТ 10903-77 – 2 дана, машиналық қолды бұранойғыш 27Х1,5 – 7 дана, машиналық қолды бұранойғыш 30Х3,5 – 10 дана, бұранойғыш 10*1.25 – 10 дана, бұранойғыш 16*1.5 – 10 дана, бұранойғыш МР12*1.5 – 10 дана, бұранойғыш 24*1.5 – 10 дана, бұранойғыш 12*1.25 – 10 дана, бұранойғыш 14*1.5 – 10 дана, бұранойғыш 14*2 – 6 дана, бұранойғыш К1/2 – 12 дана, бұранойғыш 8Х1 – 11 дана, бұранойғыш 30*3,5 №1 – 10 дана, бұранойғыш ф 1 1/2 мм – 9 дана, бұранойғыш ф 10х1,5мм – 14 дана, монометр МТ-0-10, МП4-УУ2 – 4 дана, монометр МТ-0-10, МПТИ-УЗ – 5 дана, монометр МТ-0-10, МПУ2 – 5 дана, монометр МТ-0-10, оттекті 250 – 3 дана, токарлық орталық №4 – 3 дана, токарлық орталық №5 – 2 дана, монометр МП2-Уф 0-25 кгс/см2 (оттекті) – 5 дана, монометр МП2-Уф 0-250 кгс/см2 (оттекті) – 7 дана, бастапқы бағасы 1 417 404,74 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 212 611 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №2** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: кескіш табақша тәріздес Т-14 Д 27 – 464 дана, токарлық кескен кескіш Т5К10 (25х16) – 35 дана, қатты құймалы тақташа Т5К12 – 395 дана, қатты құймалы ауыспалы тақташа -1820 дана, тақташа SPKN1504EDSR, 15,87х15,87мм – 114 дана, тақташа SPEW1204ADSN, 12,7х12,7мм – 113 дана, машиналық қолды бұранойғыш 16,0Х2,0 – 81 дана, машиналық қолды бұранойғыш 18Х1,5 – 11 дана, машиналық қолды бұранойғыш 30Х3,5 – 154 дана, бұранойғыш 14*1.25 – 32 дана, бұранойғыш 20*1.5 – 33 дана, бұранойғыш 16*1.5 – 16 дана, бұранойғыш 12*1.25 – 34 дана, бұранойғыш 24*1.5 – 35 дана, бұранойғыш 12*1.25 – 9 дана, бұранойғыш 10*1.5 – 2 дана, бұранойғыш 22*1.5 – 33 дана, бұранойғыш 14*1.5 – 14 дана, бұранойғыш м42 – 4 дана, бұранойғыш №16 – 12 дана, бұранойғыш №16 – 379 дана, бұранойғыш ф 2мм – 15 дана, бұранойғыш ф 18х1,5мм – 21 дана, бұранойғыш ф 27х1,5мм – 37 дана, бұранойғыш d=30*3,5 мм ГОСТ 3266-81 – 67 дана, бұранда кескіш домалақ метрикалық бұрандамен 14Х2 – 2 дана, бұранда кескіш 20*1.5 – 21 дана, бұранда кескіш 14*1.5 – 8 дана, бұранда кескіш М14*1.25 – 11 дана, бұранда кескіш М22*1,5 – 13 дана, бұранда кескіш М30*3,5 – 758 дана, бұранда кескіш М10х1,5,ГОСТ 9740-71 2650-1693 – 30 дана, бастапқы бағасы 9 997 455,91 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 1 499 619 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №3** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: болат арқан 22мм – 45 дана, бұранда 4,0*40 – 32,67 кг., тақташа, SPCW1204 – 100 дана, бұрмасоқпа 4мм – 21,1 м., бидэ 1 дана, писуар 3 дана, жүкбау, 2 вет11,2тн – 4 дана, бұрғы қатты қорытпадан 8 ГОСТ 10903-77 – 61 дана, бұрғы d=54 мм,сынып №А1, ГОСТ 10903-77 – 9 дана, егеу дөңгелек 2 дана, бұрағыш крест формалы 2х150 - 7 дана, кілт гайкалы 46х50 – 2 дана, бұрағыш, 0,8*5,5мм - 2 дана, щетка металл дөңгелек, 20*200 – 6 дана, бастапқы бағасы 1 176 392,37 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 176 459 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №4** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: түрлендіргіш ТУ-16-529.427-70, ТСП У1-3Н – 5 дана, дәнекерлеуші анарғысы Г2-05, дм0,8-1,6 – 7 дана, реттегіш урпд – 4 дана, баллон ГОСТ 15860-84 – 16 дана, бастапқы бағасы 1 158 469,65 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 173 771 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №5** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: болат тиек Д150 РУ-6 – 4 дана, үлгі, Ш-6 ТО-4 – 1 дана, буксалық кеңістіктің үлгісі Т914.004 – 2 дана, базалық өлшемнің штангені Т914.01.000 – 2 дана, штанген Н Т914.03.000Н - 2 дана, буксасақиналарының тозуын бақылайтын МИ-1180 үлгісі – 2 дана, шаблон Т416.06.000(Т12 16.06.000)№914р/25 – 1 дана, подпятниктің тірек бетінің конустығын бақылауғы арналған калибр - 2 дана, тегіс микрометр МК 125-150мм(2КЛ) ГОСТ 6507-90 – 1 дана, тегіс микрометр МК 150-175мм ГОСТ 6507-90 – 1 дана, нутромер индикаторлық НИ-450 ГОСТ 868-89 – 1 дана, нутромер индикаторлық НИ-100 ГОСТ 868-89 – 1 дана, металл конус 3-3056 1-3060,1 – 3 дана, металл конус 3-3056 1-3060,2 – 3 дана, металл конус 3-3056 1-3060,3 – 3 дана, бастапқы бағасы 1 090 775,85 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 163 617 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №6** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: монометр МТ-0-10, МПТИ-УЗ – 13 дана, монометр МТ-0-10, МПУ2 – 10 дана, монометр МТ-0-10, оттекті.250 – 9 дана, термометр ТЛ-2 №2 0 ден +250 дейін 25-2021.003-88 – 16 дана, термометр ТН-4 2М 0 ден 150 дейін – 3 дана, термометр манометр.ТКП 160 Ср – 3 дана, бастапқы бағасы 758 271,36 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 113 741 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №7** Өрт сөндіргіш ОУ-5 – 93 дана, бастапқы бағасы 1 163 273,63 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 174 492 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №8** Электқозғалтқыш 1 дана, бастапқы бағасы 85 146,13 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 12 772 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

**Лот №9** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: конустық сапты спиралды бұрғы 16,5мм – 10 дана, тақташа 16370 ВК8 – 140 дана, үшжұдырықты бұрғымалы патрон, ПС-16 – 2 дана, конустық сапты спиралды бұрғы 10,2мм – 3 дана, бұранда кескіш М22 – 2 дана, бұранда кескіш М 30 – 1 дана, гайкалы кілттер өлшемдері 46х50мм – 1 дана, штангенциркуль ШЦ-111 ММ – 1 дана, таңба 27 – 13 дана, манометр МП3-Уф 0-10 кгс/см2 – 6 дана, бастапқы бағасы 557 961,60 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 83 695 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

**Лот №10** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: перфоратор – 1 дана, конустық сапты спиралды бұрғы 6,0мм – 2 дана, конустық сапты цилиндрлі бұрғы 3мм – 7 дана, шығыршық 1/4 дюймді – 1 дана, шығыршық 3/4 дюймді – 1 дана, гайкалы кілттер өлшемдері 36х41мм – 1 дана, кеспелі дөңгелек 41 230х2х22 14А 80Н 41-43 BF M 80м/с – 17 дана, сақтандырғыш ПН-2 100 80А – 18 дана, сақтандырғыш ПН-2 100 80А – 7 дана, бастапқы бағасы 219 278,15 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 32 892 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

**Лот №11** Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: конустық сапты цилиндрлі бұрғы 0,9мм – 9 дана, бұранойғыш қолды метрлік 12,0Х1,75 – 2 дана, бұранойғыш 10*1.25 – 20 дана, бұранойғыш d=30х3,5мм. – 5 дана, бұранда кескіш домалақ метрлік бұрандамен 16Х2 – 50 дана, бұранда кескіш 12*1.75 – 31 дана, бұранда кескіш М10Х1.5 – 10 дана, бұранда кескіш ¾ - 5 дана, бастапқы бағасы 174 666,24 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 26 200 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

